



Ғылыми мақала / Scientific article
ХҒТАР / IRSTI 02.41.51



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-151-2-96-111>

Philosophical analysis of the legend of the land of the hunnic ruler Mode

Abylaikhan Kalnazarov^a✉, Rauan Kemerbay^a, Beken Balapashev^a

^a*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

✉abylaikhan.qalnazarov@gmail.com

Abstract. The article is aimed at studying the historical, political, moral and ethical aspects of statehood and its territorial characteristics, philosophically analyzing the legend of the Hunnic ruler Tudeh about single-family land. This work examines the role of the earth in the national and state structure in the context of resolving complex diplomatic and military conflicts, and also determines the importance of legends and myths in modern public consciousness. Philosophical research within the framework of political thinking connects the content of the legend with human experience and allows a deeper understanding of its meaning. This approach reveals the symbols associated with the land, the ideas of statehood and the concepts of national independence and sovereignty through analysis. The study analyzes the special place of the Earth as the basis of statehood and national values. The authors explore the processes of mythization of public consciousness, analyzing the role of legends and myths in modern society. This study is based on the interpretation of the ancient Hunnic state as a symbol of "imaginary statehood" using the concept of "similarity-imitation". This approach makes it possible to determine the influence of legends on modern national consciousness and political culture. The scientific novelty of the article lies in a deep philosophical interpretation of the symbolic and political essence of the earth. Analyzing the symbols in the legend, the authors explain the role of the earth in the formation of national identity and independence in a new way. This study also examines the influence of historical legends and myths on political decisions and moral choices. In the article, symbolic elements in the legend are considered as a means of reviving national values.

Keywords: legend; land (territory); political philosophy; mythology; ideology; ethics; seal; Mode; power; international relations

For citation:

Kalnazarov A., Kemerbay R., Balapashev B. Philosophical analysis of the legend of the land of the Hunnic ruler Mode // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 151. – No. 2. – P. 96-111. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-151-2-96-111>

Сілтеме жасау үшін:

Калназаров А., Кемербай Р., Балапашев Б. Ғұн әміршісі Мөденің жер туралы аңызына философиялық талдау // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 151. – No. 2. – P. 96-111. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-151-2-96-111>

Ғұн әміршісі Мөденің жер туралы аңызына философиялық талдау

Абылайхан Калназаров^а, Рауан Кемербай^а, Бекен Балапашев^а

^а*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

Философский анализ легенды о земле гуннского правителя Моде

Абылайхан Калназаров^а, Рауан Кемербай^а, Бекен Балапашев^а

^а*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

Аңдатпа. Мақала ғұн билеушісі Мөденің бір пұшпақ жер туралы аңызын философиялық тұрғыдан талдай отырып, мемлекеттілік пен оның аумақтық сипаттамаларының тарихи-саяси және адамгершілік-этикалық қырларын зерттеуге бағытталған. Бұл жұмыс күрделі дипломатиялық және әскери қақтығыстарды шешу аясында жердің ұлттық және мемлекеттік құрылымдағы рөлін қарастырады, сондай-ақ аңыздар мен мифтердің қазіргі қоғамдық санадағы маңызын анықтайды. Саяси ойлау аясындағы философиялық зерттеу аңыздың мазмұнын адамзат тәжірибесімен байланыстырып, оның мағыналарын терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл талдау арқылы жерге қатысты рәміздерді, мемлекеттілік идеяларын және ұлттық тәуелсіздік пен егемендік ұғымдарын ашады. Зерттеу барысында жердің мемлекеттілік пен ұлттық құндылықтардың негізі ретіндегі ерекше орны талданады. Авторлар аңыздар мен мифтердің қазіргі қоғамдағы рөлін талдай отырып, қоғамдық сананың мифтенуі үдерістерін зерттейді. Бұл зерттеу «ұқсастық-еліктеу» тұжырымдамасы арқылы ежелгі ғұн мемлекетін «елестетілген мемлекеттілік» рәмізі ретінде түсіндіруге негізделген. Мұндай көзқарас аңыздардың қазіргі заманғы ұлттық сана мен саяси мәдениетке тигізетін ықпалын анықтауға мүмкіндік береді. Мақаланың ғылыми жаңалығы – жердің рәміздік және саяси мәнін философиялық тұрғыдан терең түсіндіруде жатыр. Аңыздағы рәміздерді талдау арқылы авторлар жердің ұлттық бірегейлік пен тәуелсіздікті қалыптастырудағы рөлін жаңаша түсіндіреді. Бұл зерттеу, сонымен бірге, тарихи аңыздар мен мифтердің саяси шешімдер мен адамгершілік таңдау жасауға тигізетін әсерін қарастырады. Мақалада аңыздағы рәміздік элементтер ұлттық құндылықтарды жаңғырту құралы ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: аңыз; жер (аумақ-территория); саяси философия; мифология; идеология; этика; Мөде; ғұн; билік; халықаралық қатынастар

Аннотация. Статья направлена на изучение историко-политических и нравственно-этических аспектов государственности и ее территориальных характеристик, философски анализируя легенду гуннского правителя Моде об односемейной земле. В данной работе рассматривается роль земли в национальном и государственном устройстве в контексте разрешения сложных дипломатических и военных конфликтов, а также определяется значение легенд и мифов в современном общественном сознании. Философское исследование в рамках политического мышления связывает содержание легенды с человеческим опытом и позволяет глубже понять ее значения. Этот подход раскрывает символы, связанные с землей, идеи государственности и концепции национальной независимости и суверенитета посредством анализа. В ходе исследования анализируется особое место Земли как основы государственности и национальных ценностей. Авторы исследуют процессы мифизации общественного сознания, анализируя роль легенд и мифов в современном обществе. Это исследование основано на интерпретации древнего гуннского государства как символа "воображаемой государственности «с помощью концепции» подобия-подражания". Такой подход позволяет определить влияние легенд на современное национальное сознание и политическую культуру. Научная новизна статьи заключается в глубоком философском толковании символической и политической сущности земли. Анализируя символы в легенде, авторы по-новому объясняют роль земли в формировании национальной идентичности и независимости. В этом исследовании также рассматривается влияние исторических легенд и мифов на политические решения и моральный выбор. В статье символические элементы в легенде рассматриваются как средство возрождения национальных ценностей.

Ключевые слова: легенда; земля (территория); политическая философия; мифология; идеология; этика; печать; Моде; власть; международные отношения

Кіріспе

Адамзат тарихы толассыз соғыстар мен аумақтық қақтығыстар тарихы ретінде сипатталады. Жан-Жак Бабельдің деректеріне сәйкес, соңғы алты мың жыл ішінде 14 513 соғыс болып, 3,6 миллиард адам қаза тапқан (Розовский, 2020: 7). Бұл қақтығыстардың басты себебі – жер мен аумақ үшін күрес. Қазіргі геосаясатта да бұл мәселе өзектілігін жоймаған. Таулы Қарабақ, Қырым, Кашмир және Палестина-Израиль шиеленістері жер үшін күрестің жалғасып жатқанын дәлелдейді.

Мөде туралы аңыз осындай тарихи-саяси жағдайларды терең түсінуге мүмкіндік береді. Аңызда жер мәселесі тек аумақтық қақтығыс емес, сонымен бірге мемлекеттілік, билік және ұлттық бірегейліктің негізі ретінде қарастырылады. Бұл аңыз философиялық тұрғыдан территориялық мәселелердің әділеттілік, мораль және дипломатия секілді мәселелерін пайымдауға жол ашады.

Мөде аңызын талдау билік пен әділеттіліктің, мемлекеттіліктің идеялық негіздерін ашуға мүмкіндік береді. Аңыз тарихи сюжеттерді сипаттап қана қоймай, көшбасшылықтың сипаты, шешім қабылдау этикасы және аумақтық тұтастық мәселелері туралы күрделі сұрақтарды көтереді. Аңыздағы моральдық дилеммалар көшбасшылық пен ұлттық бірегейлік қалыптастырудағы философиялық мәнді түсінуге жағдай жасайды. Жердің философиялық белгісі билік пен мемлекеттілік идеясын тереңірек қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу мақсаты – аңыздағы жер символикасын зерттеу арқылы мемлекеттілік, билік және ұлттық бірегейлік туралы философиялық тұжырымдар жасау. Сондай-ақ, бұл символиканың этика, мораль және әділеттілік тұрғысынан рөлін анықтау көзделеді.

Бұл зерттеу миф-аңызды философиялық тұрғыдан түсіну дәстүріне негізделген. Антикалық дәуірден бүгінге дейін мифтер философияның негізін құрайды. Шетелдік зерттеушілер (Платон, Шеллинг, Кассирер, Юнг) мифтердің философиялық және антропологиялық мәнін ашуға тырысты (Tolegenov, 2020: 13). Қазақстанда Жамбыл Артықбаев аңыздарды тарихи дерек ретінде талдап, ұлттық тарихты тануға ықпал етті (Артықбаев, 2002: 2). Сонымен бірге, Е.Т. Өміржанов пен Қ.Ж. Байтекова Мөде аңызын құқықтық тұрғыдан қарастырды (Өміржанов, 2017: 29-33). Ж. Ошан аңыздың тарихи және мәдени контекстін ашуға үлес қосты (Ошан, 2023).

Сондай-ақ, ресейлік философ И.А. Исаевтың «Воображаемая государственность. Пространство без территории» еңбегі арқылы Мөде аңызының аумақтық бірегейлікті түсінудегі рөліне талдау жасау мүмкіндігі қарастырылады (Исаев, 2018: 3). Бұл аңыздың философиялық және этикалық мәні қазақ мәдениетінің тарихи тұтастығын көрсетуге мүмкіндік береді. Бұған қоса, Мөде туралы аңызға көшбасшылық тұрғысынан ерекше назар аударған Уэсс Робертс («Leadership Secrets of Attila the Hun») және Джон Мэн («The Leadership Secrets of Genghis Khan») еңбектері де көшбасшылық философиясының аңыздар арқылы көрініс табуын аша түседі.

Сонымен қатар, ресейлік философ И.А. Василенко «саяси антропология» мен биліктің моральдық өлшемдері аясында мифтерді талдауға ерекше назар аударады (Василенко, 2004: 11). Мұхит Төлегеннің «Efsanevi Dindarlığını Psikolojik Zemini ve Fonksiyonu: Kazakistan

Örneği» атты еңбегі аңыздық діндарлықтың психологиялық және әлеуметтік негіздерін зерттеуге бағытталған (Tolegenov, 2020: 13).

Соғыс теоретигі және тарихшысы Карл фон Клаузевиц (1780–1831) соғысты «жауды біздің еркімізді орындауға мәжбүрлеуге бағытталған зорлық-зомбылық әрекеті» деп сипаттайды. Бұл анықтама соғыстың негізгі сипатын – оның зорлық-зомбылық табиғатын көрсетеді. Сонымен қатар, соғыс философиясы – бұл күрделі әрі ішкі қайшылыққа толы білім саласы. Генрих Ллойд (1729–1783) алғаш рет қолданған «соғыс философиясы» ұғымы әскери өнердің ең жоғары және қиын деңгейін білдіреді. Кейінгі дәуірлерде бұл түсінік ғалымдардың бірлескен еңбегінің арқасында қазіргі заманғы «соғыс философиясы» ретінде қалыптасты. Соғыс философиясы саясат философиясының ерекше тармағы ретінде қарастырылады, бұл оны философиялық интерпретациялаудың өзектілігін көрсетеді. Зерттеу саласының мазмұны соғыс әрекеттерін, олардың себептері мен салдарын философиялық тұрғыдан түсіндіруге бағытталған.

Саяси этика – бұл саяси қызметтің нормативтік теориясы. Ол әділетті әлеуметтік құрылыс, жетекшілер мен азаматтардың құқықтары мен міндеттері, еркіндік, теңдік және әділеттілік сияқты мәселелерді қамтиды. Саяси этика саяси биліктің легитимділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады, сонымен бірге басқару түрлерін моральдық тұрғыдан ақтауға мүмкіндік береді. Бұл теория саясат әлеміндегі институттар мен қатынастарды, сондай-ақ белгілі бір қауымдастықтың саяси дүниетанымы мен мінез-құлық нормаларын анықтайтын моральдық құндылықтар мен ережелер жиынтығын қарастырады (Саяси түсіндірме сөздік, 2007: 55).

Гипотеза: Мөде мен бір пұшпақ жер туралы аңыз – тарихи негізі бар, бірақ философиялық-аллегориялық сипатқа ие шығарма. Жер символикасы мемлекеттілік пен ұлттық бірегейліктің негізін түсінуге арналған маңызды элемент ретінде қызмет етеді.

Зерттеу нәтижелері аңыздың философиялық және этикалық аспектілерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл жұмыс аңыздың тарихи мәнін ғана емес, сонымен қатар мемлекеттілік, билік және ұлттық бірегейліктің қалыптасуындағы рөлін ашып көрсетеді. Осылайша, аңыз заманауи саяси-философиялық ойлауға негіз бола алады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің теориялық негізі ретінде саяси философия, этика және символизм теориялары басшылыққа алынды. Бұл бағыттардағы жетекші философтар мен саясаттанушылардың еңбектерінде ұсынылған билік, мемлекеттілік және аумақ концепциялары зерттеудің әдіснамалық негізін құрайды. Аталған концепцияларды пайымдау арқылы жер, мемлекеттілік және ұлттық бірегейлік мәселелері тереңдетіліп талданды.

Зерттеу материалдары ретінде аңыздың түпнұсқалық мәтіндері пайдаланылды. Негізгі дереккөз ретінде көне қытайлық тарихшы Сыма Цяньның «Шицзи» («Тарихи жазбалар») еңбегі алынды. Сонымен қатар, аңыздың тарихи және әдеби-идеологиялық интерпретациялары Жамбыл Артықбаевтың академиялық еңбектерінде, Қойшығара Салғараның «Алтын тамыр» роман-эссесінде (Салғарин, 1986), Болат Көмеков пен А.

Галиевтің «Мөде қаған. Тарих, тұлға, уақыт» туындысында (Көмеков, 2007), сондай-ақ заманауи БАҚ-та ұсынылған вариацияларында қарастырылды. Бұл дереккөздер аңыздың әртүрлі қырларда көрініс табуын зерттеуге мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында аңыз мәтіндерін терең түсініп, олардың астарлы мағыналарын ашуға мүмкіндік беретін бірнеше әдіс қолданылды. Мәтіндік талдау әдісі арқылы аңыздағы негізгі ойлар, рәміздік элементтер мен диалогтар бөлініп көрсетіліп, олардың идеялық және мазмұндық ерекшеліктері зерттелді. Салыстырмалы талдау әдісі әртүрлі дереккөздердегі аңыз нұсқаларын салыстыра отырып, ортақ және ерекшелік сипаттарды анықтауға бағытталды. Контекстік талдау әдісі аңыздағы оқиғалар мен ұғымдардың тарихи және мәдени контекстегі орнын анықтап, олардың қазіргі философиялық және саяси дискурстармен байланысын ашуға мүмкіндік берді. Герменевтикалық талдау әдісі аңыз мәтіндеріндегі рәміздер мен астарлы мағыналарды олардың семантикалық және идеялық мәнін ашу мақсатында қолданылды. Сонымен қатар, концептуалдық трансляция әдісі көне идеяларды қазіргі заманғы философиялық дискурсқа бейімдеп, жаңа интерпретациялар мен тұжырымдар жасауға бағытталды (Кузин, 2011: 11). Бұл әдіс арқылы аңызда көтерілген мәселелердің заманауи саяси философиямен байланысы айқындалып, оның жаңа қырларын ашуға мүмкіндік туды.

Талқылау және нәтижелер

Мөде туралы аңыз ғұндардың жас көсемі Мөденің Дунху елі тарапынан жасалған дипломатиялық және әскери қысымға тап болған кезеңін баяндайды. Аңыздың басты идеясы – жердің мемлекеттіліктің негізі ретіндегі маңыздылығын көрсету. Мөде қаған ұсынылған арғымақ сәйгүлік пен ажарлы әйелінен бас тартып, «Жер – халықтың қазынасы» деген қағиданы ұстанады. Аңыздың түйіні – кішігірім шөлейт аймақ үшін соғыс басталып, қағанның «Жердің жақсы-жаманы болмайды. Жер мемлекеттің негізі. Ол ешкімге берілмейді» деген қағиданы қорғауы және әскерін жеңіске жетелеуі.

«Ғұн империясының негізін қалап, оны қуатты көшпенді мемлекетке айналдырған тарихи тұлға – Мөде қаған» деп көрсетеді қазіргі тарихшылар. Мөде біздің дәуірімізге дейінгі 228–174 жылдар аралығында өмір сүрген. Оның әкесі Тұман көшпенді 24 тайпаны біріктіріп, ғұн ұлысының негізін қалаған. Мөде билікті 18 жасында қолына алып, ұзақ уақыт бойы сыртқы қауіптерден қорқып, еңсесі түскен жұртты жігерлендіре білді. Ол ғұн қоғамын Юэчжи және Дунху мемлекеттерінің қысымынан құтқарып, мемлекетті қайта күшейтті.

Мөде аңызы оның көшбасшылық қабілеттерін ғана емес, бүкіл көшпенді өркениетке тән бірегей елдік сана идеясын да көрсетеді. Бұл аңыз түркі-моңғол текті халықтарға ұлттық бірегейлікті сақтап қалу жолындағы жігерлендіру және мемлекеттілікті нығайту месседжін жеткізеді. «Еңсе көтеру» және қуатты мемлекет құру сәттерін баяндайтын бұл оқиға көшпелі қоғамдардың саяси-әлеуметтік жүйесін түсіну үшін аса маңызды материал болып табылады.

Ғұндардың күшеюі және империя құруы III ғасырдағы Орталық Азияның дағдарысымен тікелей байланысты. Қытай деректеріне сүйенсек, бұл уақытта дунхулар өте

күшті, ал юечжілер гүлденген кезеңде ғұндар екі оттың ортасында қалды. Дегенмен, Мөде мен оның ұлы Лаошанның көреген басшылығы нәтижесінде ғұндар көршілерін бағындырып, қуатты мемлекетке айналды.

Б.з.д. II ғасырда Хань әулеті ғұндардың билігін мойындап, «Бейбітшілік пен туыстық келісіміне» қол қойды. Бұл келісім бойынша, Хань империясы ғұндарға жыл сайын алым-салық төлеп, қытай ханшаларын ұзатуға міндеттенді. Осы кезеңде ғұндардың билігі қазіргі Кореядан бастап Батыс Қытайға дейінгі кең аймақты қамтыды. Ғұндардың батыстағы жаулап алулары юечжі халқына б.з.д. 177 жылы күйрете соққы беруімен аяқталды. Шығыста олар ухуань мен сяньби тайпаларын өз империясына қосты (Артықбаев, 2010: 21).

Бұл тарихи кезеңнің философиялық мәні – мемлекеттілік, жер мен биліктің өзара байланысы. Мөде қағанның жер үшін күресі ұлттық бірегейлік пен мемлекеттіліктің тұрақтылығын қамтамасыз етудің символы ретінде маңызды. Аңыз арқылы жердің қасиеттілік мәртебесін сақтап қалу мен оны мемлекеттің тірегі ретінде қорғаудың идеясы айқындалады.

Кесте 1 – Мөде туралы аңыздың философиялық талдауы және символикасы

Философиялық категория	Мөде тұлғасымен байланысқан аңыздық-философиялық мазмұн	Символдық интерпретация
Мемлекеттік		
Биліктің легитимділігі	Мөденің билікке келуі оның тек мұрагерлік құқығы емес, елді шынайы басқару қабілетінің көрінуімен байланыстырылған. Оның Дунху қысымына төтеп беруі көрші елдердің де оны заңды билеуші ретінде мойындауына ықпал етті.	Арғымақ ат – биліктің легитимділігінің символы. Сәйгүлікті беру арқылы бейбітшілікке ұмтылу, ал бас тарту арқылы мемлекет мүддесін қорғау көрінеді.
Таққа құқық	Мөденің жастығы мен тәжірбиесіздігіне байланысты Дунху билеушісінің шүйлігуі билікке құқықты дәлелдеу қажеттігін алға тартады. Бұл Мөденің елді басқаруға қабілетін іс жүзінде көрсетуімен шешілді.	Әйел – Мөденің билік үшін жеке мүддесін құрбан етуге дайындығының, сонымен бірге ар-намысты қорғаудың символы.
Дипломатия және әскери стратегия	Мөденің Дунхуға әйелін беруі дипломатияға дайындықтың, ал шөлейт жерді беруден бас тартуы әскери стратегияның маңыздылығын көрсетеді.	Елші – мемлекетаралық дипломатияның символы, бірақ олардың әрекеттері нәтижесіз болғандықтан соғыс қажеттілігі көрінеді.

Ұлттық бірегейлік		
Ұлттық бірегейлік	Мөденің шөлейт жерді беруден бас тартуы ұлттық бірегейлік пен мемлекеттіліктің тұтастығын қорғау қажеттігін көрсетеді. Оның бұл шешімі ұлттық мүдделерді жоғары қоюдың жарқын үлгісі болып табылады.	Жер – ұлттық бірегейлік пен мемлекеттіліктің бөлінбес негізін көрсететін символ.
Халық үшін құрбандық	Мөде елінің мүддесі үшін әйелін беруге дайындық арқылы жеке мүддеден халықтың игілігін жоғары қойған лидерлік қағиданы ұстанды.	Құрбандық – мемлекеттің игілігі үшін жеке бас мүддесін құрбан етудің символы.
Ресурстарды басқару	Шөлейт жерді қорғау әрекеті жердің экономикалық құндылығынан бұрын, оның саяси және ұлттық рәміз ретіндегі маңыздылығын көрсетеді.	Шөлейт жер – мемлекеттің бөлінбеуін және халықтың бірлігін қорғау символы.
Мемлекетаралық қатынастар		
Мемлекетаралық қатынастардың принциптері	Мөденің дипломатиялық шешімдерге дайындық танытуы және шектен тыс жағдайларда қатал шешімдер қабылдауы халықаралық қатынастардағы бейбітшілік пен қатаң саясаттың үйлесімділігін көрсетті.	Соғыс – бейбітшілік әрекеттері нәтиже бермеген жағдайда мемлекеттілікті қорғаудың түпкілікті шешімі ретінде символданады.
Соғыс құны	Мөденің Дунхуға қарсы соғыс бастауы ұлттық тәуелсіздік пен қадір-қасиетті сақтау үшін жасалған әрекет екенін көрсетеді.	Қатыгездік – мемлекеттілікті қорғаудағы көшбасшының батылдығы мен шешімділігінің символы.

Е.Т. Өміржанов пен Қ.Ж. Байтекованың тұжырымдары негізінде аңыздың философиялық мазмұны тереңдетіледі, ал символикасы саясаттағы маңызды идеяларды түсінуге жол ашады.

Кесте 2 – Билік және аумақ дилеммалары: Мөде аңызының философиялық талдауы

Тақырып	Саяси-философиялық мазмұн	Аумаққа қатысты интерпретация
Билік пен заңдылық	Мөденің әкесін билікке жету жолында өлтіруі оның заңсыз	Шөлді жер екі елдің табиғи шекарасы ретінде

	іс-әрекет ретінде қарастырылады. Бұл билікке қол жеткізу үшін қандай құралдардың әділетті екендігі туралы философиялық сауал туғызады.	географиялық тосқауыл функциясын атқарады. Ол шекаралық саясаттың физикалық негізін көрсетеді.
Мораль және әйелге қатысты шешім	Дунху мемлекетінің әйелін сұрауына Мөденің келіспеуі оның мемлекеттің амандығы үшін жеке моральдық құндылықтардан бас тартуына себеп болды. Бұл шешім бейбітшілікті сақтау мен ұлттық мүддені қорғауды үйлестірудің қиындығын көрсетеді.	Жердің меншіктік және тиесілілік мәселесі оны иелену құқықтарының этно-саяси символы ретінде қарастырылуына негіз болды.
Аумақтық адалдық	Мөденің шөлді жерді беруден бас тартуы аумақтың ұлттық құндылығы мен егемендік символы ретіндегі маңызын көрсетеді. Оның бұл шешімі ұлттық мүддені уақытша саяси пайдадан жоғары қою философиясын білдіреді.	Аумақ ұлттық мүддені қорғаудың символы ретінде көрініп, оның құндылығы тек ресурстарымен ғана емес, стратегиялық мәнімен өлшенеді.
Этикалық жазалау	Жерді беруді ұсынғандарды өлім жазасына кесу әділеттілік пен жазаға қатысты этикалық дилемманы айқындайды. Бұл ұлттық мүдде үшін қандай деңгейде қатаңдық көрсетуге болатындығы туралы мәселе көтереді.	Шағын аумақтың өзі мемлекеттілік пен тәуелсіздік үшін маңыздылығын танытып, ұлттық қауіпсіздікке байланысты символдық мәнге ие болды.
Соғыс және бейбітшілік	Дунхумен соғыс бейбітшілікті сақтау мүмкін болмаған жағдайда ұлттық тәуелсіздікті қорғау құралы ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда соғыстың қажеттілігі мен әділеттілігі туралы сұрақ туындайды.	Жер дауы мемлекетаралық қақтығыстың шешуші нүктесіне айналып, халықтар арасындағы қарым-қатынас динамикасына тікелей әсер етті.

Жоғарыдағы талдау нәтижелері Мөде туралы аңызды «идеологиялық-шығармашылық өңдеуден өткен туынды» ретінде қарастыруға негіз береді. Аңызда эпосқа тән құрылымдық элементтер: үштік қайталама, шиеленіс, кульминация сәттері және оқиғалардың жүйелі өрбуі айқын байқалады. Бұл аспектілер оның тарихи шындықтан белгілі бір деңгейде алыстағанын меңзейді. Мөденің тарихи тұлға ретінде өмір сүргені даусыз, бірақ аңыздағы барлық оқиғалардың дәл сол сипатта және сол сценарий бойынша өрбігенін нақты айту мүмкін емес.

Бұл тұрғыда кеңестік-ресейлік тарихшы Н.Н. Крадиннің «Империя Хунну» еңбегінде Мөденің билікке келуі мен бір пұшпақ жер аңызына қатысты сыни пікірлері орынды (Крадин, 2001: 52-53). Ол аңыздың тарихи негізі болғанымен, оның эпикалық элементтермен байытылғанын және идеологиялық тұрғыда өңделгенін атап өтеді. Крадиннің пікірінше, түркі-моңғол кеңістігінде кең таралған ауызекі дәстүрге негізделген аңыздар тарихи дереккөз ретінде белгілі бір шектеулерге ие. Аңыздағы оқиғалар жазба дерек ретінде қабылданғанымен, олардың дәлдігін бағалауда мұқият талдау қажет.

Аңыздың басты дереккөзі – Сыма Цяньның «Шицзи» («Тарихи жазбалар») еңбегі. Алайда, бұл дерек Мөде билікке келгеннен шамамен бір ғасыр өткен соң жазыла бастады, яғни оқиғалардың түпнұсқа куәгерлерінен алынуы екіталай. Бұл туралы М.В. Крюков та өз еңбектерінде егжей-тегжейлі талдаған. Ғылыми пікірлерге сәйкес, Сыма Цянь ғұн жыраулары немесе ақындарынан естігендерін қағазға түсіруі мүмкін, бұл деректің дәлдігіне күмән тудырады.

Н.Н. Крадин бұл тұрғыда былай дейді: «Фольклортанушылардың зерттеулері, әсіресе В.Я. Пропптың еңбектері, эпостар, ертегілер және фольклорлық шығармалар шынайы тарихи оқиғалар мен қайраткерлер бейнесін дәл бере алмайтынын көрсетеді. Бұл қағида белгілі бір деңгейде Мөде туралы аңызға да қолданылуы мүмкін. Бірақ бұл жағдайда біз тек фольклорлық сипаттағы емес, белгілі бір идеологиялық және шығармашылық өңдеуден өткен шығармамен бетпе-бет келеміз» (Крадин, 2001: 61).

Осылайша, Мөде туралы аңыз тарихи негізі бар, бірақ идеологиялық және әдеби тұрғыда өңделген шығарма ретінде қарастырылады. Бұл оның тарихи дереккөз ретінде құндылығын төмендетпейді, керісінше, саяси-идеологиялық ұстанымдарды, көшбасшылық қасиеттер мен мемлекеттілік идеяларын зерттеуде маңызды материал ретінде маңыздылығын арттырады. Мөде мен жер мәселесінің көтерілуі тарихи әрі идеологиялық тұрғыдан маңызды оқиға ретінде қазіргі заманға да әсер етуде. Аңыздың концепциясы 2016 жылы Қазақстанда Жер кодексіне өзгерістер енгізу мәселесімен байланысты жер митингілерінің өршуімен ерекше өзектілікке ие болды. Бұл кезеңде жер мәселесінің мемлекеттік саясаттағы маңыздылығы мен халық үшін қасиетті мәнге ие екені ерекше байқалды. Тарихшы Талас Омарбеков атап өткендей, «Бақтұқтың (Мөденің) жерді жатжерліктерге бермеу және оны барлық құндылықтардан жоғары санау ұстанымы отаншылдықтың символына айналды» (Омарбеков, 2021). Омарбековтың айтуынша, бұл тұлғаның бейнесін мектеп оқулықтарына енгізу ұрпақты жерге деген құрмет пен отаншылдыққа тәрбиелеу мақсатында жасалған.

Мөденің жерді қорғау философиясы ұлттық тәуелсіздік пен мемлекеттілік идеясының іргетасын құрайды. Бұл идея тек тарихи тұрғыда ғана емес, заманауи ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Осы тұрғыда Ресей империясының Қазақстанды отарлауы мен далалықтардың жаугершіліктен жеңілмеуін талдау қызықты. Ресей ашық майданда қазақтарды жеңе алмағандықтан, түрлі саяси және психологиялық стратегияларды, соның ішінде ішкі іріткі, ақпараттық айла-шарғы, «қазақты-қазаққа салу» әдістерін қолданды. Бұл жағдай мемлекеттілікке деген сенім мен оның символдарын сақтаудың қаншалықты маңызды екенін тағы да дәлелдейді.

Мөденің тұлғасы кейде Оғыз хан немесе Алаша ханмен байланыстырылып жатады. Бұл тұлғалардың біртұтас тарихи-мифологиялық фигура болуы мүмкін деген болжам бар. Егер бұл көзқарас дәлелденсе, онда қазақ мемлекеттілігінің түпнегізі Мөде ордасына барып тіреледі. Жамбыл Артықбаевтың пікірінше, Жаңа заман кезеңінде Еуразия құрлығының дағдарысы жағдайында «Алаш идеясына» негізделген мәдениет жеңіске жетті (Артықбаев, 2019: 2). Бұл идея қазақтық мемлекеттіліктің түпқазығын құраған.

Британдық тарих философы Арнольд Тойнбидің «қиял мен эфемерлік институттың идеализациясы» туралы тұжырымдамасын ескерсек, тарихтағы ерекше тұлғалар мен мемлекеттілік үлгілері қазіргі заманғы жағдайларға бейімделіп, қайта түсіндіріледі. Еуропа үшін мұндай рөлді Рим империясы атқарса, түркі-моңғол халықтары үшін Мөде мен ғұн мемлекеті осындай символдық мәнге ие. Бұл туралы философ И.А. Исаев: «Ұлы өткен шақ саяси және мәдени идеализация арқылы түрлі формаларда жүзеге асып отырады» (Исаев, 2018: 38), – деп атап көрсеткен.

Мөде және оның жер концепті бүгінгі Қазақстан, сондай-ақ түркі-моңғол халықтары үшін мемлекеттілік пен тәуелсіздік символы болып қала береді. Бұл идеялар Қазақ хандығы, Ұлық Ұлыс – Алтын Орда, Шыңғысхан империясы және Түрік қағанаты сияқты тарихи мемлекеттіліктердің символдық жалғасы ретінде қабылданады. Олар қазіргі ұлттық бірегейлік пен мемлекеттік идеологияның маңызды элементтері ретінде қызмет етуде.

Жоғарыдағы талдаулар Мөде туралы аңыздың қазақ халқы үшін ғана емес, жалпы мемлекеттілік философиясы үшін өзекті екендігін көрсетеді. Аңызда «жер» ұғымының құндылығы мен оны қорғаудың маңызы айқындалса, бүгінгі күн тұрғысынан бұл идеяның өзектілігі одан әрі артып отыр. Қазақ халқының «Бос жатқан жер жау шақырады» деген нақылы осы мәселенің тереңдігін көрсетеді. Жазушы Смағұл Елубаев «Наркескен» интеллектуалдық-пікірсайыс клубында бұл проблеманың қазіргі Қазақстан жағдайында да өткір екенін атап өтті (Елубаев, 2019). Оның пікірінше, халық саны аз, жері кең байтақ ел ретінде Қазақстан үшін басты мәселе – бос жатқан жерлерді игеру және оны халықпен толтыру. Солтүстік және Шығыс Қазақстанның бос жерлерін игеру, демографиялық тұрғыда титулды ұлт өкілдерінің санын арттыру мақсатында оңтүстік өңірден қоныс аудару саясатын белсенді түрде жүргізу ұсынылады. Мұндай бастамалар ел ішіндегі Бұрахан Дақанов сияқты азаматтар арқылы жүзеге асуы тиіс.

Аңыздың тағы бір сабақтары сыртқы саясат этикасы мен әділеттілік қағидаларына қатысты. Дунху мемлекетінің ғұндарға қисынсыз талаптар қою арқылы соғысқа ұрынуы, және түптің түбінде жеңіліске ұшырауы, сыртқы саясатта әділеттілік пен ұтымдылықтың маңызды екенін дәлелдейді. Мөде бастаған ғұндардың жеңісі әділетті соғыстың үлгісіне айналды. Бұл туралы т.ғ.к. Ж. Ошан: «Дунху мемлекеті өзінің өмір сүруін тоқтатып, ғұндар бодандығына өтті. Осылайша, бұрынғы мемлекеттің құрамдас бір бөлігіне айналды» (Ошан, 2023), – деп атап өтеді. Бұл жағдай күшті елдің әлсіз, бірақ өз құқығын қорғаған елден жеңіліс табуының сабақтарын көрсетеді.

Мөдені тарихи тұлға ретінде Шыңғысхан мен Әмір Темір секілді геосаяси маңызы бар дәуірлік көшбасшылар қатарына жатқызуға толық негіз бар. Жоғарыдағы талдаулар көрсеткендей, оның тұлғасы түркі әлемі мен «Тұран» идеясы үшін стратегиялық және

символдық мәнге ие. Ол тек әскери жетекші ғана емес, сондай-ақ көшпенділердің саяси, әлеуметтік және мәдени кеңістігін бекітуге және оны заманауи кезеңге қайта жаңғыртуға ықпал ете алатын фигура ретінде көрінеді.

Мөденің заманы көшпенділердің ұлы державалық дәуірі ретінде сипатталады. Ол Ғұн империясының шекарасын бекітіп, өз аумағын басқыншылардан қорғау үшін маңызды қадамдар жасады. Оның ең ірі жетістіктерінің бірі – дунхуларды жеңуі және бұрын Цинь патшалығы тартып алған Ордос жерін қайтаруы. Бұл аймақ көшпенділер үшін стратегиялық және экономикалық маңызы зор аумақ еді. Сонымен қатар, Мөде б.з.д. 200 жылы 40 мың атты әскермен Хань патшалығының патшасы Гаодиді Бәйден бекінісінде қоршауға алып, Хань әулетін Ғұн империясымен бейбіт келісімге келуге мәжбүр етті. Осы келісім бойынша Хань мемлекеті Ғұн империясының тең құқығын мойындап, шекараны Аққорған (Ұлы Қытай қорғаны) арқылы бекітті (Тойшыбайұлы, 2021). Бұл шекара көшпенділердің геосаяси ықпалын сақтауға және бекітуге мүмкіндік берді.

Мөденің әскери-саяси стратегиялары көшпенділердің географиялық кеңістігін қорғауда тарихи рөл атқарды. Қытайдың экспансиясын алғаш рет Мөде тоқтатып, Ұлы дала үшін стратегиялық маңызды кеңістіктерді сақтап қалды. Бұл көшпенділердің өзара бірлігін нығайтып, кейінгі ғасырларда түркі-моңғол әлемін біріктіруге негіз болған әрекеттердің бастауы еді. Шыңғысханның түркі-моңғол тектестерді бір отбасына жинауы осы үрдістің тағы бір көрінісі болды.

Мөденің мұрасы Хань әулетімен жасалған келісім-шарт арқылы Ұлы Қытай қорғанын көшпенділер мен отырықшы халықтардың арасындағы шекара ретінде бекітті. Бұл шекара символикалық тұрғыдан тек қытайлықтарға қарсы қорғаныс ретінде емес, көшпенділердің өз мемлекеттілігі мен мәдени тұтастығын қорғау үшін маңызды белгі болды.

Мөденің тарихы бүгінгі түркі-моңғол халықтары үшін өзектілігін сақтап отыр. Оның Қытай экспансиясына қарсы тұрудағы алғашқы табыстары кейінгі Атлах шайқасындағы жеңіспен жалғасып, көшпенділердің мәдени және саяси егемендігін ұзақ уақыт бойы сақтап қалуға ықпал етті. Оның тұлғасы қазіргі Қазақстан, Моңғолия және басқа да түркітілдес мемлекеттердің тарихи санасында маңызды орын алады.

Мөденің тарихи-геосаяси рөлі оны дәуірлік тұлға ретінде танытады. Оның көшпенділер кеңістігін бекітуге бағытталған стратегиялары, әскери ерліктері мен дипломатиялық жеңістері тек Ұлы дала тарихына ғана емес, бүкіл әлемдік тарихқа әсер етті. Оның тарихи рөлі «Тұран» идеясы мен түркі-моңғол бірлігінің негізін қалаған көшбасшы ретінде әлі де зерттеуді қажет етеді. Мөденің тұлғасы дәуірлік ықпалы мен бүгінгі сабақтастығы арқылы әлемдік тарихтағы Шыңғысхан, Әмір Темір сияқты тұлғалармен тең дәрежеде қарастырылады.

Мөде тұлғасы көшпелі өркениеттер тарихында маңызды рөл атқара отырып, қазіргі кезеңде де түркі-моңғол халықтары үшін эталондық және рөлдік модель ретінде қарастырылады. Уэсс Робертс пен Джон Мэннің Атилла мен Шыңғысханға арналған көшбасшылық кітаптары тәрізді, Мөде туралы да толыққанды еңбек жазу қажеттілігі айқын. Оның тарихи және философиялық бейнесі бейбітшілік пен ұлттық мүддені үйлестіре алатын, даналықпен шешім қабылдай білетін қайраткер тұлғаның үлгісін береді.

Жоғарыдағы талдаулар Мөде образының түркі-моңғол халықтарының болашақ көшбасшылары үшін даналық пен қайраттылықтың үлгісі екенін көрсетеді. Ол көшпенділер мемлекеттілігінің алғашқы үлгісін құру арқылы тарих сахнасында жаңа саяси-әлеуметтік формацияны қалыптастырды. Оның тұлғалық месседжі мемлекеттің тұтастығын сақтау, тарихи құндылықтарды құрметтеу және ұрпаққа сенімді болашақ қалдыру философиясымен байланысты. Н.Н. Крадин атап өткендей, Мөде – Орталық Азия тарихындағы Шыңғысханның ізашары. Шыңғысханның көшбасшылық стратегияларының негізінде Мөденің 1400 жыл бұрынғы әрекеттері жатыр (Крадин, 2001: 53-61).

Мөденің жер туралы көзқарасы ерекше мәнге ие. Қ. Салғараның еңбегінде Мөденің «Жерді беру – ұрпағыңды құлдыққа беру» деген қағидасы оның жерді қорғау мәселесіне стратегиялық және моральдық тұрғыдан қарағанын көрсетеді (Салғарин, 1986: 84). Бұл ұстаным қазіргі таңда жердің мемлекеттілік негізі ретінде маңызын одан әрі айшықтайды.

Түркияның Мөде мұрасын мемлекеттіліктің символына айналдыруы оның заманауи өзектілігін көрсетеді. Түркия Құрлық әскерлерінің тарихын Мөде дәуірінен (б.з.д. 209 жыл) бастау туралы шешімі – мемлекеттің тарихи мұрасын өз идеологиясының негізіне енгізудің жарқын мысалы. Бұл бастама 1968 жылы Хусейн Нихал Атсыздың ұсынысымен жүзеге асып, бүгінгі күнге дейін жалғасын тапты. Бұл тәжірибе Мөде мұрасын ұлттық сана мен мемлекеттілікті нығайту үшін пайдалану қажеттігін меңзейді.

Аңызда соғыс қажетсіз шешім болғанымен, кейде ұлттық қадір-қасиет пен тәуелсіздікті қорғау үшін міндетті құрал ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыда Мөде дала халықтарының қайталанбас архетипін бейнелейтін философиялық аллегория ретінде көрінеді. Оның идеалдарын саяси ойлауға енгізу және оны ұлттық саяси шешімдер қабылдауда қолдану қазіргі заманғы ұлт менеджерлері үшін маңызды.

Мөде туралы аңыз ғұн дәуіріндегі аумақтық, саяси және этникалық процестердің күрделілігін көрсетеді. Ол қазақ этносының қалыптасу ерекшеліктерін түсінуге, сондай-ақ оның саяси-әлеуметтік негіздерін институттандыру жолдарын талдауға көмектеседі. Мөденің мемлекеттік стратегиялары оның тек әскери қолбасшы ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік жүйені құрушы болғанын көрсетеді. Ұлы дала халықтары үшін ол мемлекеттіліктің мәдениеті мен дәстүрлерінің энциклопедиясы іспетті.

Бұл тұрғыда Мөдені мифтік кейіпкер деп қабылдауға болмайды. Гомер ежелгі гректер үшін барлық рухани және философиялық даналықтың қайнар көзі болса, Мөде де Ұлы дала халықтарының саяси және әлеуметтік ойлау қалыбында сол рөлді атқарады. Алайда, Мөдені ғұндық дәуірдің «жалпы есімі» ретінде гиперболизациялау оның тарихи шынайылығына нұқсан келтіруі мүмкін.

Тарихи тұрғыда Мөденің күрделі тұлғалық қырларын ескеріп, оның қайшылықты шешімдерін де бағалау қажет. Тарихшы Талас Омарбековтің пікірінше, оның тұлғасын біржақты көтермелеуден гөрі, тарихи контексте шынайы қарастыру маңызды (Омарбеков, 2021). Ол әкесін өлтіріп, билікке келген қайраткер ретінде тарихта қарама-қайшылықты тұлға болып қала береді. Бұл тұрғыда Мөде өзінің заманындағы ауыр жағдайларға бейімделген тұлға ретінде бағалануы керек. Оның іс-әрекеттерін тек заман талаптары мен жағдайлары аясында талдау орынды.

Қорытынды

Ғұн билеушісі Мөде және бір пұшпақ жер туралы аңыз Жамбыл Артықбаевтың «Әр ұлттың өміріндегі жердің негізгі рөлін растап» (Артықбаев, 2002: 94), сонымен қатар философиялық, этикалық, саяси және мәдени мәселелерге бай материал ұсынатыны туралы пікірімен толық үндеседі. Аңыздың мазмұнын тереңірек талдау арқылы жалпы адам болмысы мен қоғамның терең мәселелері ашылады. Бұл тұрғыда Мөде тұлғасы мемлекет құрушы, ұлттық құндылықтардың қорғаушысы және дала мәдениетінің рәміздік тұлғасы ретінде көрініс табады.

Аңыздың мазмұны ғылыми әдістеме аясында уақыт пен мәдениет жағдайында объективті түрде қарастырылды. Нәтижесінде, «Мөде және бір пұшпақ жер аңызы – қазақ мәдениетінің кеңістік үшін күрестегі символдық капиталы және жауға жұмсалатын рухани қаруы» деген тұжырым жасалды. Бұл тұжырым аңыздың тарихи және заманауи саяси философия контекстінде алатын орнын айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында аңыздағы философиялық концепциялар анықталып, олардың билікті, моральды және аумақты қабылдауға әсері талданды. Нәтижесінде, Мөденің мемлекеттілік сана мен бірлік идеясын жасаудағы ерекше рөлі ашылды. Оның көшпенділер мемлекеттілігінің негізін қалаған тұлға ретінде Шыңғысхан тәрізді тарихи фигуралардан мың жыл бұрын қалыптасқан елдік сана мен мемлекеттіліктің мәдениетін жасаушы болғаны дәлелденді. Бұл тұрғыда Мөде Ұлы даланың түпкі билеушілік дәстүрінің ұстазы деп танылды.

Мөде тек ғұндар дәуірінде ғана емес, кейінгі ғасырлардағы саяси және мәдени үдерістерде де өзінің терең ықпалын сақтап қалды. Оның елдік сана мен мемлекеттілікті нығайтудағы рөлі бүгінгі күні де маңызды, бұл оны дала билеушілерінің үлгісі ретінде тануға мүмкіндік береді.

Мөде тұлғасы мен бір пұшпақ жер аңызы тарихи-философиялық талдау үшін бай материал ұсынады. Оның мемлекеттілік, жер және ұлттық бірегейлікке қатысты идеялары қазақ халқының рухани мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады. Зерттеу барысында аңыздың рәміздік мәні терең ашылып, оның заманауи ұлттық және саяси философияға ықпалы айқындалды. Осылайша, Мөде аңызының тарихи және мәдени маңызы тек өткенді тануға ғана емес, болашаққа стратегиялық бағдар жасауға да қызмет етеді.

Авторлардың үлесі

Қалназаров А. – мақала идеясын дамыту, әдістемені тұжырымдау мен таңдау, әдебиеттерді таңдау, деректерді жинау және өңдеу, мақала мәтінін жазу, түзету, сонымен қатар мақаланы талқылау.

Кемербай Р.А. – жұмыстың әдістемелік негізін құруда кеңес беру, мақала тақырыбы бойынша таңдауда ұсыныстар беру, басылымға журналды таңдауға көмектесу, мақала мәтінінің соңғы нұсқасын түзету бойынша ұсыныстар беру, зерттеу жұмысына қатысу және талқылау.

Балапашев Б.С. – мақаланың мазмұнына үлес қосып, редакциясына, рәсімделуіне жауап берді.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

- Розовский Б.Г. Искусственный прообраз неандертальца в современном человеке // Вестник Луганской академии внутренних дел имени Э.А. Дидоренко. – 2020. – №. 3. – С. 315-316.
- Василенко И.А. Политическая философия: Учебное пособие. – М.: Гардарики, 2004. – 240 с.
- Tolegenov M. Efsanevi Dindarlığını Psikolojik Zemini ve Fonksiyonu: Kazakistan Örneği. Basılmamış Doktora Tezi. - Kayseri: Erciyes Üniversitesi SBE, 2020. - 201 p.
- Артыкбаев Ж.О. История Казахстана в легендах и преданиях / Илл. М.Ж. Артыкбаева, метод. Часть Ф.Сарыбаевой. - Караганда: КарГУ, 2002. – 94 с.
- Өміржанов Е.Т., Байтекова Қ.Ж. Мөде қағанның саяси-құқықтық көзқарастары //Қарағанды университетінің хабаршысы. «Құқық» сериясы. – 2017. - №. 4(88)
- Ошан Ж. Мөде //Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ресми порталы – 2023. [Электронды ресурс] / URL: <https://iie.kz/?p=24923> (Қаралған күні: 10.01.2024)
- Исаев И. Воображаемая государственность. Пространство без территории. Монография. – Москва: РГ-Пресс, 2018. – 224 с.
- Салғарин Қ. Алтын тамыр: роман-эссе. – Жалын, 1986. – 288 б.
- Кузин Ф.А. Методика написания. Правила оформления. Порядок защиты. Практическое пособие для докторантов, аспирантов и магистрантов / Под ред. Абрамова В.А. – 4-е изд., доп. – М.; Ось-89, 2011. – 448 с.
- Артыкбаев Ж.О. Кочевники Евразий в калейдоскопе веков и тысячелетий. – Астана-Москва: ТОО «Центрально-Азиатское книжное издательство», 2017. – 300 с.
- Саяси түсіндірме сөздік. - Алматы, 2007. - 616 бет.
- Крадин Н.Н. Империя Хунну. Изд. 2-е, перераб. и доп. - М.: Логос, 2001. - 312 с.
- Омарбеков Т. Бақтұғ (Мөде) қаған: оны мақтаймыз ба, жоқ әлде даттаймыз ба? 19 қараша, 2021. «Jas Alash» республикалық қоғамдық-саяси газетінің порталы. [Электрондық ресурс] / URL: <https://zhasalash.kz/news/baqtug-mode-qagan-ony-maqtajmyz-ba-zhoq-alde-dattajmyz-ba-18702/> (Қаралған күні: 25.01.2024)
- Артыкбаев Ж.О. Казахское общество в XV-XVII веках: от империи к национальному государству. – Астана-Москва: ТОО «Центрально-Азиатское книжное издательство», 2019. – 308 б.
- Елубаев С. Бос жатқан жер – жау шақырады //Mezgil.kz ақпараттық порталы. – 2019. – [Электрондық ресурс] URL: <https://mezgil.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=2&id=2731> (Қаралған күні: 25.01.2024)

References

- Rozovskiy B.G. Iskusstvennyy proobraz neandertal'tsa v sovremennom cheloveke [The artificial prototype of the Neanderthal in modern man] (Vestnik Luganskoy akademii vnutrennikh del imeni E.A. Didorenko, 2020, 3, 315-316) [in Russian].
- Vasilenko I.A. Politicheskaya filosofiya: Uchebnoe posobie [Political Philosophy: A Textbook] (M.: Gardariki, 2004, 240) [in Russian].

Tolegenov M. Efsanevi Dindarlığın Psikolojik Zemini ve Fonksiyonu: Kazakistan Örneği. Basılmamış Doktora Tezi. - Kayseri: Erciyes Üniversitesi SBE. (2020, 201 p.) [in English].

Artykbaev Zh.O. Istoriya Kazakhstana v legendakh i predaniyakh (The history of Kazakhstan in legends and legends) (Chast' F.Sarybaevoy. - Karaganda: KarGU, 2002, 94) [in Russian].

Omirezhanov E.T., Baytekova K.Zh. Mode kagannyn sayasi-kukyktyk kozkarastary [Political and legal views of möde Kagan] (Karagandy universitetinin khabarshysy. «Kukyk» seriyasy, 2017, 4(88)) [in Kazakh].

Oshan Zh. Mode [Mode] (Sh.Sh. Ualikhanov atyndagy Tarikh zhane etnologiya instituty resmi portaly, 2023). [Elektrondy resurs] / URL: <https://iie.kz/?p=24923> (Karalgan kuni: 10.01.2024) [in Kazakh].

Isaev I. Voobrazhaemaya gosudarstvennost' [Imaginary statehood] (Prostranstvo bez territorii. Monografiya, Moskva: RG-Press, 2018, 224) [in Russian].

Salgarin K. Altyn tamyr: roman-esse [Altyn Tamyr: Novel essay] (Zhalyn, 1986, 288) [in Kazakh].

Kuzin F.A. Metodika napisaniya. Pravila oformleniya. Poryadok zashchity [The method of writing. Rules of registration. Protection procedure] (Prakticheskoe posobie dlya doktorantov, aspirantov i magistrantov, 2011, 448) [in Russian].

Artykbaev Zh.O. Kochevniki Evraziy v kaleydoskope vekov i tysyacheletiy [The nomads of Eurasia in the kaleidoscope of centuries and millennia] (Astana-Moskva: TOO «Tsentral'no-Aziatskoe knizhnoe izdatel'stvo», 2017, 300) [in Russian].

Sayasi tusindirme sozdik [Political Explanatory Dictionary] (Almaty, 2007, 616) [in Kazakh].

Kradin N.N. Imperiya Khunnu. Izd. 2-e, pererab. i dop [The Xiongnu Empire] (M.: Logos, 2001, 312) [in Russian].

Omarbekov T. Baktug (Mode) kagan: ony maktaymyz ba, zhok alde dattaymyz ba? [Baktug (Möde) Kagan: do we praise it or do we praise it?] («Jas Alash» respublikalyk kogamdyk-sayasi gazetinin portaly). [Elektrondy resurs] / URL: <https://zhasalash.kz/news/baqtug-mode-qagan-ony-maqtajmyz-ba-zhoq-alde-dattajmyz-ba-18702/> (karalgan kuni: 25.01.2024) [in Kazakh].

Artykbaev Zh.O. Kazakhskoe obshestvo v XV-XVII vekakh: ot imperii k natsional'nomu gosudarstvu [Kazakh society in the XV-XVII centuries: from the Empire to the national state] (Astana-Moskva: TOO «Tsentral'no-Aziatskoe knizhnoe izdatel'stvo», 2019, 308) [in Russian].

Elubaev S. Bos zhatkan zher – zhau shakyrady //Mezgil.kz akparattyk portaly. –2019. – [Elektrondy resurs] URL: <https://mezgil.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=2&id=2731> (Karalgan kuni: 25.01.2024)

Авторлар туралы мәлімет / Information about authors / Сведения об авторах

Қалназаров Абылайхан Мамырайханұлы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, abylaikhan.qalnazarov@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0003-2287-2213>

Kalnazarov Abylaikhan Mamyraikhanovich – L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, abylaikhan.qalnazarov@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0003-2287-2213>

Калназаров Абылайхан Мамырайханович – Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, abylaikhan.qalnazarov@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0003-2287-2213>

Кемербай Рауан Амантайұлы – PhD, философия кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, ra2030@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0404-8621>

Kemerbay Rauan Amantaevich – PhD, Associate Professor of the Department of Philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, ra2030@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0404-8621>

Кемербай Рауан Амантаевич – PhD, ассоциированный профессор кафедры философии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, ra2030@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0404-8621>

Балапашев Бекен Сарсенгалиевич – «Философия және әдеп» мамандығының PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, beken.balapashev@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7744-2008>

Balapashev Beken Sarsengalievich – PhD doctoral student in the specialty «Philosophy and Ethics», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, beken.balapashev@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7744-2008>

Балапашев Бекен Сарсенгалиевич – PhD докторант по специальности «Философия и этика, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, beken.balapashev@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7744-2008>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Received by the editorial office: 23.05.2025

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами / Approved by reviewers: 10.06.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 18.06.2025